

2-БЛОК: Арнайы пән
Қазақстан тарихы
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Соңғы палеолит кезеңі

- A) б.з.д. 40-12 мыңжылдықтар
- B) б.з.д. 140-40 мыңжылдықтар
- C) б.з.д. 5-3 мыңжылдықтар
- D) б.з.д. 12-5 мыңжылдықтар
- E) б.з.д. 15-5 мыңжылдықтар

2. Ежелгі металлургияның негізгі орталықтары

- A) Батыс және Солтүстік Қазақстан
- B) Жетісу мен Торғай
- C) Солтүстік және Оңтүстік Қазақстан
- D) Орталық және Шығыс Қазақстан
- E) Оңтүстік Қазақстан және Жетісу

3. Неолит заманының үлкен жетістігі

- A) Керамикалық ыдыстар өндірісі
- B) Алтын өндіру
- C) Металл өндеу
- D) Зергерлік бұйымдар жасау
- E) Фарфор өндірісі

4. Сақтардың ең қасиеттеген, табынған құдайы

- A) Су
- B) Күн
- C) Аспан
- D) Жер
- E) Ай

5. Түркеш қағанатының негізін қалаушы

- A) Үшлік
- B) Бұмын
- C) Мұқан
- D) Сұлу
- E) Иштеми

6. Ноғай Ордасының территориясы

- A) Сырдария мен Амудария
- B) Жайық пен Еділ арасы
- C) Шу мен Талас
- D) Маңғыстау өңірі
- E) Жетісу

7. Шыңғысханның ұлы Жасақ заңы негізінде әскери істі атқарған

- A) Беклербек
- B) Даруға
- C) Уәзір
- D) Басқақтар
- E) Төлеңгіттер

8. XIV-XV ғғ. Көшпелі өзбектер мемлекеті құрамына үлкен тайпалар кірді

- A) Қарлұқтар, оғыздар, керейлер
- B) Қарақытайлар, наймандар, уақтар
- C) Шайбандықтар, қазақтар, маңғыттар
- D) Ойраттар, бұрақтар, қосшылар
- E) Үйсіндер, қоңыраттар, арғындар

9. 1964-1986 жылдары Қазақстанды басқарған:

- A) Ж.Шаяхметов
- B) Л.И.Брежнев
- C) Н.С.Хрущев
- D) Н.Ә.Назарбаев
- E) Д.А.Қонаев

10. Тың және тыңайған жерлерді игеру жылдарында шығынға ұшыраған шаруашылық саласы:

- A) құс шаруашылығы
- B) мал шаруашылығы
- C) кен өндіру
- D) орман шаруашылығы
- E) егін шаруашылығы

11. Рейхстагқа Жеңіс туын тіккен қазақстандық Халық Қаһарманы:

- A) Р.Қошқарбаев
- B) Б.Момышұлы
- C) Ж.Елеусізов
- D) С.Баймағамбетов
- E) Н.Әбдіров

12. Генерал-майор И.В.Панфилов басқарған 316-атқыштар дивизиясы ерлікпен шайқасты:

- A) Мәскеу үшін
- B) Сталинград үшін
- C) Волгоград үшін
- D) Брест қамалы үшін
- E) Ленинград үшін

13. Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы жарияланды:

- A) Семей қаласында
- B) Қызылорда қаласында
- C) Орал қаласында
- D) Алматы қаласында
- E) Орынбор қаласында

14. Қазақ интеллигенциясы өкілдері 1917 ж. құрған партия:

- A) Алаш
- B) Үш Жүз
- C) Шора Ислами
- D) Аттан
- E) Асар

15. Орта жүз тайпалары

- A) арғын, үйсін
- B) керей, қоңыраттар
- C) найман, дулат
- D) уақ, шапырашты
- E) ошақты, қыпшақ

16. Халықтың біртұтас құрылымға айналу үшін қажетті алғышарт

- A) Саяси мәдениет
- B) Қоғамдық өмір
- C) Әлеуметтік сала
- D) Әскери демократия
- E) Дербес мемлекеттілігінің болуы

17. 1938 ж. Қиыр Шығыстан Қазақстанға қоныс аударылған корейлерден тұратын 57 ұжымшар құрылды:

- A) Ақмола, Павлодар облыстарында
- B) Жамбыл, Қызылорда облыстарында
- C) Қарағанды, Өскемен облыстарында
- D) Алматы, Жамбыл облыстарында
- E) Алматы, Қызылорда облыстарында

18. Индустрияландыру жылдарында Қазақстанда негізінен қарқынды жүргізілді:

- A) шикізат көздерін игеру
- B) ауыр өнеркәсіпті дамыту
- C) машина жасау
- D) энергетика кәсіпорны
- E) жеңіл өнеркәсіп

19. 1918-1920 жж. азамат соғысында большевиктерге қарсы шыққан:

- A) ақ гвардияшылар
- B) қызыл армия әскерлері
- C) эсерлер
- D) кадеттер
- E) анархистер

20. 1916 жылғы Қазақстандағы ұлт-азаттық көтерілістің Торғай ошағындағы әскерлердің шегінуі;

- A) 1916 ж. қазанда
- B) 1916 ж. шілдеде
- C) 1916 ж. қыркүйекте
- D) 1916 ж. тамызда
- E) 1917 ж. ақпан

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар

21. Ежелгі түрік жырлары

- A) «Қобыланды»
- B) «Қозы-Көрпеш-Баян-сұлу»
- C) «Ер Төстік»
- D) «Қамбар батыр»
- E) «Күлтегін»
- F) «Еділ-Жайық»

22. Халық болып қалыптасуы үшін қажетті шарттар

- A) Тілі
- B) Аумағы
- C) Саясаты
- D) Экономикасы
- E) Ортақ атауы
- F) Қоғамдық өмірі
- G) Әлеуметтік сала
- H) Әлеуметтік орта

23. Ресейдің Қазақстандағы отарлау саясаты ерекшеліктері

- A) Қазақ жерлері Ресейдің меншігі болып саналуы
- B) Генерал-губернаторды патша өзі бекітуі
- C) Қазақтар жерлері өздерінде қалуы
- D) Елдің экономикалық дамуы
- E) Қазақтарға қатысты кемсітушіліктер болған жоқ
- F) Реформалар қазақтар мүддесіне сай жүруі
- G) Отарлау ісіне орыс сословиелері белсене қатысуы
- H) Ресей шикізат көзіне мұқтаж емес

24. 1822ж. «Сібір қазақтары жарғысы» бойынша жаңа басқарушылар жүйесі

- A) Хан
- B) Уез басшылары
- C) Сұлтандар
- D) Аға сұлтан
- E) Болыстық сұлтандар
- F) Билер
- G) Батырлар
- H) Ауыл старшындар

25. 1867-1868 жж. реформалар бойынша жаңа әкімшілік жүйеге кірген

- A) Дистанция
- B) Округ
- C) Уез
- D) Болыс
- E) Аудан
- F) Ауыл
- G) Аймақ
- H) Әкімшілік

26. Өндірісті электрлендіру ХХ ғ. 60-ж. еліміздің дамуының негізгі бағыттарының бірі болды

- A) ғылыми
- B) мәдени
- C) техникалық
- D) экономикалық
- E) саяси
- F) рухани

27. 1995 ж. Конституция бойынша Қазақстан парламентінде тұрақты жұмыс атқаратын екі палата:

- A) Сенат пен Мәжіліс
- B) Жоғарғы Кеңес пен Мәжіліс
- C) Жоғарғы және Төменгі
- D) Сенат пен Мәслихат
- E) Конгресс пен Мәжіліс
- F) Жоғарғы Кеңес пен Мәслихат

28. Экономикалық даму бағытын нарықтық қатынастарға негіздеп қайта құру үшін Қазақстан үкіметінің заңы қабылдаған жыл:

- A) 1986 ж.
- B) 1979 ж
- C) 1989 ж.
- D) 1977 ж.
- E) 1981 ж.
- F) 1971 ж.

29. ЮНЕСКО-ның шешімімен аталып өткен мерейтой:

- A) Қаныш Сәтбаевтың 100 жылдығы
- B) Түркістан қаласының 1500 жылдығы
- C) Мұхтар Әуезовтың 100 жылдығы
- D) «Алаш қозғалысының» 100 жылдығы
- E) Ұлы Отан Соғысы жеңісінің 60 жылдығы

30. 1992 ж. шетелдерде тұрып жатқан қазақ диаспорасының саны:

A) 3 млн. 200 мың

B) 2 млн. 500 мың

C) 5 млн.

D) 8 млн.

E) 2 млн.

F) 1 млн. 900 мың

Жазғаяттық тапсырмалар
1-жазғаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

XIX ғ. аяғы – XX ғ. басында Қазақстанға капиталистік қарым-қатынастардың енуі қазақ аулының шаруашылық өміріне көптеген өзгерістер әкелді. Сауда қатынастарының дамып, ішкі нарықтың құрылуына жол ашылды. Ішкі сауданың дамуына ақша қатынастарының енуі әсер етті. Дегенмен Қазақстанның түрлі аймақтарының арасында шаруашылық байланыс жүйелі түрде орныға бастады деп айту қиын:

31. XIX ғасырдың екінші жартысы қазақ жеріне ресейлік капиталдың ене бастауымен сипатталады. Оның баса көңіл аударған саласы:

- A) жерасты қазба байлықтарын игеру
- B) банк бөлімшелерін ашу
- C) теміржол салу
- D) маусымдық жәрмеңкелер ашу
- E) колхоз, совхоздар құру

32. Революцияға дейінгі Қазақстанда жергілікті нарықтардың бірігуі негізінде ұлттық нарықтың қалыптасуына бөгет болған:

- A) отарлық езгі
- B) қазақ буржуазиясының әлсіздігі
- C) ұлттық капиталдың жоқтығы
- D) саудагерлер санының аздығы
- E) сауда сауаттылығының жетіспеушілігі

33. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, қазақтардың шаруашылық мұқтаждықтарына неғұрлым ыңғайлы жәрмеңкелік сауда кең етек ала бастады.

Олардың ішіндегі ең ірісі:

- A) Қоянды жәрмеңкесі
- B) Қарқара жәрмеңкесі
- C) Әулиеата жәрмеңкесі
- D) Ойыл жәрмеңкесі
- E) Тайыншакөл жәрмеңкесі

34. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақтардың шаруашылық мұқтаждықтарына неғұрлым ыңғайлы сауда кең етек ала бастады:

- A) жәрмеңкелік сауда
- B) айырбас сауда
- C) тұрақты сауда
- D) маусымдық сауда
- E) елдер арасындағы сауда

35. Қазақтардың басты тауары болған:

- A) мал мен малшаруашылық өнімдері
- B) ауыл шаруашылығы өнімдері
- C) дәнді дақылдар
- D) шикізат өнімдері
- E) мата мен тері өнімдері

2-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Қазақ жүздері жөніндегі нақты деректер XVIII ғасырдың бірінші ширегінен бастап кездеседі. 1731 жылы қазақтардың бодандығы жөніндегі келіссөзге Кіші жүз арасына келген А.Тевкелев былай деп хабарлайды: «...Қырғыз-қайсақ ордасы үш бөліктен, атап айтқанда: Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүзден (Үлкен орда, Орта орда, Кіші орда тұрады). Кең байтақ қазақ жерінде мұндай үлкен одақтар құру саяси, әскери-қорғаныс, шаруашылық-ұйымдастырушылық, басқару қажеттіліктерінен туындаған.

36. Қазақ жүздерінің қордаланып қалған ішкі, сыртқы мәселелері жүздердің басы қосылған шешіліп отырды:

- A) құрылтайларында
- B) съездерінде
- C) жиналыстарында
- D) басқосуларында
- E) аумақтарында

37. 1801 жылы патша өкіметі қазақ шаңырағының Еділ мен Жайық өзендері аралығына көшуіне рұқсат берді:

- A) 5 мың
- B) 6 мың
- C) 4 мың
- D) 3 мың
- E) 7 мың

38. Кіші жүз қазақтарының XIX-XX ғасырлар шегіндегі саны:

- A) 1 млн. 200 мың адам
- B) 1 млн. 300 мың адам
- C) 1 млн. 250 мың адам
- D) 1 млн. 350 мың адам
- E) 1 млн. 400 мың адам

39. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Орта жүз тайпаларының саны:

- A) 1 млн. 200 мың
- B) 1 млн. 350 мың
- C) 1 млн. 250 мың
- D) 1 млн. 300 мың
- E) 2 млн. 100 мың

0001 - нұсқа

40. XIX ғасырдың соңында Ұлы жүз қазақтарының саны:

- A) 700 мың
- B) 500 мың
- C) 600 мың
- D) 800 мың
- E) 900 мың

2-БЛОК: Арнайы пән бойынша тест аяқталды.